



КҮРДЕЛІ ОТА

5-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



ЖОЛАУШЫЛАР
СЕНІМІН АҚТАҒАН

6-БЕТ | ҚОҒАМ



РУХТЫ ӘНМЕН
ТЕРБЕГЕН

7-БЕТ | РУХАНИЯТ

“ ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Тіршілік тұтқасы – шаруа.
Шаруасыз күнелтуге болмайды. Өнер,
ғылым, саясат, әдебиет, адамгершілік...
бәрінің шығатын жері де, қоятын
жері де – шаруа.

Жүсіпбек АЙМАУЫТҰЛЫ

”

№40
(4784)
Сейсенбі
8 сәуір
2025 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Елордалықтар мен қала қонақтарының сүйікті демалыс орнына айналған Ботаникалық бақта 269 өсімдік түрі бар. Мұнда жергілікті өсімдіктермен қатар экзотикалық өсімдіктерді де көруге болады. Бақтың оранжерея кешенінде мамандар Оңтүстік Америка, Африка, Австралия және басқа да елдерден әкелінген өсімдіктердің жемісін де алады.

4

ҚАЛА ОРТАЛЫҒЫНДА – ЖАСЫЛ АЙЛАҚ



ЖАҢА ЖАУЫНГЕРЛІК ТЕХНИКА

Астанада суда жүзетін көпфункционалды жауынгерлік көлік таныстырылды. «Terrex Varys-F 8x8» жауынгерлік көлігі – өзенкөл, аптап ыстық пен сары аяз секілді табиғаттың түрлі сынағына төтеп беретін әмбебап көлік. Бұл әскери техника ашық суларда еркін жүзе алады. Заманауи технологияларға сай жасалатын жауынгерлік техниканы отандық «Қазақстан Парамант Инжиниринг» компаниясы құрастырады.


6



Елорданың барлық аудандарында «Халық қатысатын бюджет» жобасы жалғасып жатыр.

Бұл жоба арқылы астаналықтар өз аулаларын абаттандыру, жарықтандыруды жақсарту және жайлы қалалық ортаны құру бойынша ұсыныстар енгізу үдерісіне белсенді қатысуға мүмкіндік алады.

Бүгінгі таңда үздік деп танылған жобаларға дауыс беру кезеңі басталады. Сараптамалық кеңес Сарыарқа ауданы бойынша 43 жобаны, Нұра ауданы бойынша 8 жобаны, Сарайшық ауданы бойынша 36 жобаны, Байқоңыр ауданы бойынша 9 жобаны, Алматы ауданы бойынша 107, Есіл ауданы бойынша 58 үздік жоба дауыс беруге мақұлданды. Дауыс беру кезеңі 6-24 сәуір аралығында өтеді.



2025 жылдың мамыр айында қазақстандықтар мереке және демалыс күндерін қосқанда 12 күн демалады.

Бұл айдағы мереке аптаның ортасына, яғни 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні бейсенбіге, 7 мамыр – Отан Қорғаушы күні сәрсенбіге, 9 мамыр – Жеңіс күні жұмаға түседі.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бұл жолы жұмыс және демалыс күні ауыстырылмайтынын айтты. Осылайша, барлық демалыс күндерін ескере отырып, аптасына 5 күн жұмыс істейтіндер 12 күн демалса, аптасына 6 күн жұмыс істейтіндер 7 күн демалады.



Астанада жылыту маусымы қашан аяқталатыны туралы әкімдік өкілдері мәлімет берді.

Әкімдіктің баспасөз қызметі өкілі елордада жылу беру қандай жағдайда тоқтатылатынын айтты.

«Орташа температура бес күн қатарынан +10 градус және одан жоғары болған жағдайда Астана әкімдігі жылыту маусымын аяқтау туралы шешім қабылдайды» деп жазылған Астана қаласы әкімдігі баспасөз қызметінің хабарламасында.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 556.34 \$ USD/KZT 504.34 ₪ RUB/KZT 5.97 ¥ CNY/KZT 69.27

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ҚОС ТАРАП ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА НИЕТТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сербия Президенті Александр Вучичпен телефон арқылы сөйлесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Александр Вучич екіжақты ынтымақтастықтың даму қарқынын жоғары бағалап, қазақ-серб қарым-қатынастарын одан әрі нығайтуға ниетті екенін жеткізді. Тараптар Қазақстан Президентінің 2024 жылғы қараша айында

Белградқа ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру барысын талқылады. Мемлекеттер басшылары сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарды жандандырудың, соның ішінде өнеркәсіп, энергетика,

құрылыс, ауыл шаруашылығы, цифрландыру, көлік және логистика салаларындағы бірлескен бастамаларды нақты іске асырудың маңызын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев Александр Вучичті биыл Қазақстанға ресми сапармен келуге шақырды.

АУЫЛДАҒЫ ӨНДІРІСТІ ҚАЛАЙ ҚОЛДАЙМЫЗ?

Премьер-министр Олжас Бектенов отандық ауыл шаруашылығы тарапын өндірушілермен кездесу өткізді. Онда агроөнеркәсіп кешенін дамытудың өзекті мәселелері, көктемгі дала жұмыстарының барысы, шаруаларды қолдау шаралары, сондай-ақ қосымша пысықтауды қажет ететін өзара іс-қимыл бағыттары талқыланды. Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтай отырысында алға қойған міндетіне сәйкес, алдағы бес жылда ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы өндірісін екі есе арттырудың келешегі қаралды.

Кездесу басында сөз алған Олжас Бектенов Үкімет аграрлық секторға белсенді түрде қолдау көрсетіп отырғанын атап өтті. «Президент қолдауының арқасында ауыл шаруашылығына ерекше көңіл бөлінуде. Мемлекет басшысы атап өткендей, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі өзінің құндылығын ешқашан жоймайды. Біздің жағдайымызда жеңілдетілген қаржыландыру үшін 700 млрд теңге табу оңай емес, алайда біз мұны іске асырып жатырмыз және қолдаудың бұл түрін одан әрі арттыра береміз. Қазіргі қолданыстағы тетіктердің барлығы жалғасын табады. Нәтижесі де жоғары болып, біз бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығын құра аламыз деген сенім бар» деп атап өтті Премьер-министр.

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров шаруаларды қолдау шараларын кеңейту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады: егіс науқанын жеңілдікпен қаржыландыру көлемі өткен жылы 580 млрд теңгеге дейін және несиелеуді мерзімінен бұрын іске қосу арқылы биыл рекордтық 700 млрд теңгеге дейін артты (бұрын қаржыландыру 140 млрд теңгеден аспаған). Алғаш рет көктемгі дала жұмыстарында қарыз сомасының 85%-на дейін кепілдендірудің арнайы бағдарламасы енгізілді; бір жыл ішінде қаржыландыру көлемін 80 млрд теңгеге ұлғайту арқылы 5%-бен 200 млрд теңгеге дейін жеткізу ауыл шаруашылығы техникасы лизингінің қолжетімділігі артты, бұл ретте техниканың өзі – кепіл, ал жарна инвестициялық субсидия бола алады; Азық-түлік корпорациясына форвардтық сатып алуларға 30 млрд теңге, географияны кеңейту үшін

экспорттық шығыстарды субсидиялауға 40 млрд теңге бөлінді; қайта өңдеу кәсіпорындарына айналым қаражатын толықтыру үшін несиелеу беру өткен жылдан басталды. Несиелеу көлемі 35 млрд теңгегі құрайды. Биыл бұл мақсаттарға 48 млрд теңгеге бөлу міндеті тұр. Айналым мақсаттары үшін жеңілдікті несиелер қайта өңдеуді жүктеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Үкімет ауыл тұрғындарын жыл бойы жұмыспен қамтамасыз ететін сала ретінде мал шаруашылығын дамытуға ерекше көңіл бөліп отыр. Осылайша, мал бордақылау алаңдары үшін қолдау құралдары әзірленуде, жеңілдікпен несиелеу және субсидиялардың жеңілдік әкімшілендірілетін түрлерінің пайдасына селекциялық-асыл тұқымдық жұмысты субсидиялау қайта қаралады.

Кездесу барысында өсімдік шаруашылығы және бау-бақша, мал шаруашылығы мен құс шаруашылығы, өнімді өңдеу және экспорттау сияқты аграрлық сектордың түрлі бағыттарының өкілдері сөз сөйледі. Қазақстанның жұмыртқа өндірушілер қауымдастығын басқаратын және Қостанай облысындағы екі құс фабрикасына иелік ететін «Жас-қанат 2006» ЖШС бас директоры Қайрат Майшев құстың тұтас етін бөлу және қайта өңдеу көрсеткішінің өсіп келе жатқан үрдісін атап өтті. Осыған байланысты, қайта өңдеушілер үшін айналым қаражатын жеңілдікпен несиелеу бағдарламасын іске қосу шикізатты дайындауға, үздіксіз өндірісті қамтамасыз етуге және өнімді нарыққа жеткізу үшін тауарлық-материалдық қорларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Агрофирма «Родина» ЖШС

бас директоры Иван Сауэр биылғы жоспарланған алдағы Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы мәселелеріне тоқталды. Ақпарат жинау және Қазақстанның АӨК қатысушыларының мәртебесін айқындау үдерісін жетілдіру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының қосалқы бөлшектерін есепке алудың бірыңғай базасын құру қажеттігі атап өтілді. «AmaBio» ЖШС директоры Асқар Сабыров ауыл шаруашылығының өндірістік үдерістеріне инновациялық және цифрлық шешімдерді енгізу, ауылдық жерлерде инженерлік инфрақұрылым салу мәселелерін көтерді. «Зенченко и К» КТ директоры Геннадий Зенченко мемлекеттік қолдаудың кеңейтілген іс-шараларымен қатар бизнестің өз тарапынан жауапкершілікті одан әрі арттырудың маңыздылығын атап өтті. Саланы дамытудың басты факторы адам ресурстары болып саналатынын жеткізді. Осыған байланысты Геннадий Зенченко әріптестерін сала мамандарының жалақысының тартымды болуын қамтамасыз етуге және жоғары оқу орындарымен бірлесіп білікті кадрлар даярлауды ынталандыруға шақырды. Ауылды дамытуға, атап айтқанда, ауыл шаруашылығы компанияларының әлеуметтік бастамаларға, оның ішінде тұрғын үй мәселелерін шешуге, білім беру және медициналық инфрақұрылымды дамытуға қатысуына ерекше назар аударылды.

Мемлекеттік органдар тарапынан көтерілген тақырыптар бойынша Премьер-министрдің орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин, ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров, «Бәйтерек» ҰБХ АҚ басқарма төрағасы Руслан Қарағойшин пікір білдірді.

ӘСКЕРИ ШЕРУГЕ ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Мәжіліс депутаттары, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшелері Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери шеруге қатысушылардың дайындық барысымен танысу үшін Астана қаласында орналасқан далалық лагерьге барды. Далалық қосында депутаттар Айдос Сарым, Ермұрат Бапи, Болат Керімбек, Максим Рожин және Олжас Құспеков парадтық есептоптардың командирлерімен және әскери қызметшілермен кездесті.

Қарулы күштер Құрлық әскерлерінің бас қолбасшысы генерал-майор Мереке Көшекбаев депутаттарға шеруге дайындық туралы жалпы ақпарат беріп, әскери қызметшілер мен курсанттардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын таныстырды. Де-

Сондай-ақ парадқа қатысатын Қарулы күштердің әртүрлі түрлерінің әскери киім үлгілерімен танысты. «Биыл біз Жеңістің 80 жылдығын бүкіл елімізбен бірге атап өтеміз. Бұл тарихи оқиға болғандықтан, парадқа дайындықты өз көзімізбен көру үшін

Депутаттар Жеңіс парадына қатысушыларға олардың қызметі үшін алғыс айтып, шерудің жоғары ұйымдастырушылық деңгейде өтетініне сенім білдірді. Іс-шара соңында Қарулы күштер Ұлттық әскери-патриоттық орталығының



путаттар далалық лагерьдің тұрмыстық жағдайымен танысып, шатырларда температуралық режимді, монша кешендерін, медициналық пункттер мен тұрмыстық қызмет көрсету бөлмелерін, сондай-ақ әскери қызметшілердің тамақтануын ұйымдастыруды тексерді.

келді. Далалық лагерьде жаңа типтегі шатырлар орнатылып, әскери техника парадқа дайын. Ең бастысы, біз сарбаздар үшін барлық жағдайлар жасалғанына көз жеткіздік. Барлығы жоспар бойынша жүріп жатыр, тек ауа райы қолайлы болса екен» дейді Айдос Сарым.

шығармашылық ұжымы әскери қызметшілер мен депутаттар үшін концерт қойды. Әскери өнерпаздар соғыс жылдарындағы әндерді орындап, орталықтың әскери оркестрі Астанада өтетін шерудің музыкалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететінін хабарлады.

ФОРУМҒА 600 МЕЙМАН КЕЛЕДІ

Биыл 29-30 мамырда елордада әлемдік көшбасшыларды, сарапшыларды, инвесторлар мен бизнес өкілдерін біріктіретін аймақтағы ең ірі іскерлік іс-шара – Астана халықаралық форумы (AIF2025) өтеді. Ұлттық экономика министрлігі таратқан ақпаратқа сүйенсек, форум бағдарламасы бүгінгі негізгі сын-қатерлерін қамтыған пленарлық сессия мен 25 пікірталас алаңынан тұрады.

Әлемнің түкпір-түкпірінен 600-ге жуық шетелдік қонақ қатыспақ. Олардың арасында жетекші саясаткерлер, халықаралық ұйым, корпорация басшылары, инвесторлар мен ғылыми топ өкілдері бар. Бүгінге дейін AIF-2025 форумына қатысуды растағандардың арасында: БҰҰ 8-Бас хатшысы, Green Global Growth Institute төрағасы, «Voao Forum for Asia» директорлар кеңесінің төрағасы Пан Ги Мун, Еуропа Кеңесінің Бас хатшысы Ален Берсе, ЭЫДҰ бас хатшысы Магиас Корманн, Түркі мемлекеттері ұйымының бас хатшысы Кубанычбек Омуралiev, БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының бас директоры (FAO) Цюй Дунъюй, Кеші-қон жөніндегі халықаралық ұйымның бас директоры (ИОМ) Эми Поуп, Зияткерлік меншік жөніндегі дүниежүзілік ұйымның бас директоры Дарен Танг, Еуропа және Орталық Азия аймағы бойынша дүниежүзілік банктің вице-президенті Антонелла Бассани, БҰҰ бас хатшысының орынбасары және Даму бағдарламасы әкімшісінің орынбасары Хаолян Сюй, Катардың Премьер-министрі-Сыртқы істер министрі Мухаммед бин Абдулрахман Аль-Тани, Руанда Республикасының Президенті Поль Гагеме,



Албания Премьер-министрі Эди Рама, Хорватия Республикасының Премьер-министрі Андрей Пленковичтар бар.

Пікірталас тақырыптарына келсек, биыл AIF жаһандық күн тәртібіндегі негізгі үш бағытқа назар аударады: Сыртқы саясат және халықаралық қауіпсіздік; энергетика және климаттың өзгеруі; экономика және қаржы. «Астана халықаралық форумы 2025 инвестиция үшін жаһандық бәсекелестік дәуірінде өткізіліп, Қазақстанның әлемге ашықтығын көрсетеді. Біздің еліміз ірі әлемдік корпорациялар мен қаржы институттарының назарын аудара отырып, Орталық Азиядағы өз позициясын нығайта түсуде. Ауқымды ре-

формалар, заңнаманы жаңғырту мен инвестициялық ахуалды жақсарту елдің дамуына және оның экономикалық мүмкіндігін кеңейтуге ықпал етеді. Форумның міндеті – ашық диалог пен шетелдік капитал тартудың, стратегиялық келісімдер жасасу мен экономикалық дамуға арналған бастамаларды ілгерілету үшін маңызды платформа болу» делінген хабарламада. Сондай-ақ AIF2025 аясында Қазақстанның негізгі әріптестерімен экономикалық байланыстарды нығайтуға арналған бірқатар бизнес-форум жоспарланып отыр: Қазақстан – Франция бизнес-форумы (2025 жылғы 28 мамыр); Қазақстан – Италия бизнес-форумы (2025 жылғы 28 мамыр).

ЖАЙЛЫ МЕКТЕПТЕР КӨБЕЙДІ

Елордада мектептер, балабақшалар, емханалар, оқушылар сарайлары және т.б. әлеуметтік нысандарды салу жұмысы қарқынды түрде жүріп жатыр. Бұл туралы Facebook әлеуметтік желі парақшасында қала әкімі Жеңіс Қасымбек мәлім етті.



«Жаңа оқу жылында тағы 15 мектеп ашамыз. Олардың жетеуі – «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында. Қаланы аралау барысында бірқатар жайлы мектептің құрылысымен таныстым. Мәселен, бұл мектептер Құдайбердіұлы даңғылы мен Жансүгіров көшесінің, Төлебаев және Бурабай көшелерінің, Егемен Қазақстан мен Иманов көшелерінің қиылыстарында, сол сияқты Е17, Е26, Е796 және Е899 көшелерінде және т.б. мекенжайларда орналасқан. Білім мекемелерінің құрылысына жеке қаражат та тартылады» деп айтқан қала әкімі «Елордада биылғы оқу жылы ішінде рекордты көлемде мектептер салынды. Бас-аяғы 24 жаңа оқу орны ашылды. Бұл мектептер 66 мыңға жуық оқушы орнын (екі ауысымда) ашуға мүмкіндік берді. 24 оқу орнының 16-сы – «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында» деп атап өтті.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС: ЖАҢА ҚҰРАМ ІСКЕ КІРІСТІ

Үстіміздегі жылдың ақпан айында азаматтық қоғам және мемлекеттік органдар өкілдерінен тұратын жұмыс тобы Қоғамдық кеңестің жаңа құрамын қалыптастыру рәсімі басталған болатын. Жұмыс тобы өткізген іс-шаралардың қорытындысы бойынша «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 8-тармағына сәйкес, мәслихат төрағасының 2025 жылғы 18 наурыздағы өкімімен Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің жаңа құрамы бекітілді.

Гүлбаршын ӘКЕШҚЫЗЫ

Қоғамдық кеңестің төрағасы болып, белгілі қоғам қайраткері, Президент жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі, саяси ғылымдар докторы, профессор Зұлфухар Сұлтанұлы Ғайыпов бірауыздан сайланды. Төраға жаңа құрамның алдында тұрған міндеттерді айқындап берді.

тастыру тәртібі «Қоғамдық кеңестер туралы» ҚР Заңымен, Қоғамдық кеңес туралы үлгілік ережемен реттеледі. Жергілікті деңгейде Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз етумен Астана қаласының мәслихаты айналысады, – деді Қоғамдық кеңестің төрағасы.

Айтуынша, жаңадан жасақталған қалалық Қоғамдық кеңеске 2025-2028 жылдар аралығында жұмыс істейтін 31

өскелең ұрпақты Адал азамат, Әділетті қоғам, Заң мен Тәртіп құндылықтары рухында тәрбиелеудің маңызды екеніне көңіл бөлу керек, – деді Зұлфухар Ғайыпов.

Талқылау нәтижелері бойынша қалалық Қоғамдық кеңестің тұрақты комиссияларының төрағалары сайланды. Осылайша, кеңестің бюджет, экономика және қаржы мәселелері жөніндегі комиссиясына – Азамат Оспанов;



– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауларында қоғамды барынша демократияландырып, Әділетті қоғам құрумен бірге, халық үніне құлақ асатын үкімет қағидатын қалыптастыру мен Қоғамдық кеңестердің жұмысын барынша жаңадандыру керектігі туралы үнемі айтып келеді. Осы саясатты жүзеге асыру жолында Қоғамдық кеңес институты бұқара мен билік арасын жалғастырушы, жақындатушы көпір миссиясын атқаруда.

Шын мәнінде, бұл институт – қаржыландырылмайтын, өтеусіз қызмет ететін қоғамдық сипатқа ие қоғамдық ұйым. Қоғамдық кеңестің мүшелері елордамыздың өміріне бейжай қарамайтын, қаламыздың нағыз патриоттарынан жасақталған деп айтуға болады. «Қоғамдық кеңес туралы» заңға сай әрбір аймақтағы жаңадан құрылған кеңестердің өз жұмыс жоспары болады. Олар сол бекітілген жоспарға сәйкес қызмет етеді. Сол сияқты біз де жаңадан жоспарымызды бекітуге тиіспіз. Біздің жоспарымыз елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуы саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының дамуымен тікелей байланысты болады. Сонымен бірге, бұл қоғамдық институттың мәртебесі мен өкілеттігі, сондай-ақ қалып-

адам сайланды. Кеңестің жаңа құрамын қалыптастыру үшін 68 өтініш түскен. Тілек білдірушілердің көптігіне байланысты әңгімелесу бірнеше күн бойы, әр кандидатпен жеке-жеке өткізілді. Негізгі құрам 80 пайызға жаңартылған және қосымша тағы 12 кандидат резервтік тізімге алынды. Сайланғандардың қатарында қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, білім беру жүйесінің қызметкерлері, журналистер, ведомстволық бағынысты ұйымдардың өкілдері, кәсіпкерлер, заңгерлер және басқалар бар. Кеңес құрамына 19 ер және 12 әйел адам кірді. Олардың барлығы – өз саласының кәсіби мамандары.

Бұрын қалалық Қоғамдық кеңес бес комиссиядан тұрған болатын. Ал жаңадан жасақталған кеңесте 6 тұрақты комиссия жұмыс істейтін болды. Кеңес төрағасының пікірінше, жастармен жұмыс ерекше назар аударуды қажет ететін маңызды бағыт болып табылады. Сондықтан, қазіргі уақытта жастар ісі жөніндегі бөлек комиссия құру қажеттіліктен туындап отыр.

– Қаламыздағы жастар мен жасөспірімдерге қатысты мәселелерге көбірек көңіл бөле отырып, олардың дамуы мен өз қабілеттерін іске асыра білуі үшін жағдай жасау қажет. Комиссия жұмысы жастармен өзара іс-қимылды жақсартуға, бастамаларды дамытуға, жас таланттарды қолдауға және

азаматтық қоғамның әлеуметтік саясат саласындағы мүдделерін білдіру жөніндегі комиссиясына – Кәрімбек Құрманалиев; кәсіпкерлікті дамыту, заңдылық және құқық тәртібі мәселелері жөніндегі комиссиясына – Есберген Алауханов; энергия тиімділігі, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, құрылыс және экология мәселелері жөніндегі комиссиясына – Юсуп Келигов, ақпараттық-талдау жұмысы мәселелері жөніндегі комиссиясына – Олжас Сыдықбек және жастар ісі жөніндегі комиссиясына Бақдәулет Жәнділдаев жетекшілік ететін болды. Сонымен бірге Қоғамдық кеңестің ережелері және 2025 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілді.

Қоғамдық кеңестің қызметі – жауапты әрі маңызды миссия екенін ескере келе, кеңес төрағасы, қалалық Қоғамдық кеңестің жаңа құрамның билік пен азаматтық қоғам арасындағы байланыстырушы буын бола отырып, қоғам мен билік арасында тиімді диалог орнатуда және қала өмірінің көптеген салаларындағы проблемаларды шешуде өздеріне жүктелген миссияны лайықты атқарып шығатынына, олардың әрқайсының азаматтық ұстанымдары мен кәсіби тәжірибелері, Астананың әлеуметтік-экономикалық дамуына лайықты үлес қосатынына зор сенім білдірді.

Астанада LRT жобасы аясындағы алты вагон бойынша негізгі жұмыстар аяқталды.

LRT ВАГОНДАРЫ ҚҰРАСТЫРЫЛДЫ

Жеңіл рельсті көлік жобасы аясында жылжымалы құрам өндірісі жүріп жатыр. Жоспарланған 19 вагонның алтауы – құрастыру сатысында. Оның ішінде екі вагонға бояу жұмыстары, терезелер мен есіктерді орнату, ішкі әрлеу, еден мен шатырды жабдықтау, ауа баптау жүйесі, жарықтандыру, мультимедиа және мониторлар орнату сияқты негізгі жұмыстар аяқталды.

Келесі кезең – доңғалақ жұптары, аспа жүйесі мен жүріс бөлігіне монтаж жасау. Бұдан бөлек, тағы

төрт вагонның кузов элементтері құрастырылып жатыр. Ал алғашқы вагондар Астанаға қыркүйек айында жеткізіледі. Одан кейін сынақтан өткізу жұмыстары басталады.

Айта кетейік, LRT пойыздары жүргізушісіз болады және GOA 4 деңгейіндегі автоматтандыру жүйесімен жабдықталады. Бұл жүйеге пойыз қозғалысын автоматты басқару, техникалық жағдайды бақылау және пойыздар арасындағы қашықтықты сақтап, соқтығысудың алдын алу функциялары кіреді.



ӘСКЕРДЕН ҮЙГЕ ОРАЛДЫ

Астана қаласындағы 68665 әскери бөлімінде 2024 жылдың көктемінде шақырылған мерзімді әскери қызмет сарбаздары салтанатты түрде запасқа шығарылды.

Іс-шараны әскери бөлімнің командирі подполковник Абай Әлібеков ашқаннан кейін, мерзімді қызметтен босатылған сарбаздар бұйрық бойынша жалпы саптан шықты. 160-тан астам мерзімді қызметтен запасқа босатылған сарбаздар үздік қызметі үшін бөлім қолбасшылығынан алғыс хаттар алды. Сондай-ақ олардың әрқайсысына бір жылдық әскери қызметінің маңызды сәттерінің бейнежазбалары бар естелік дискілер тарту етілді.

«Астанадағы 68665 әскери бөлімі – Қарулы күштеріміздегі ең алдыңғы қатардағы бөлімдердің бірі. Бірнеше жылдан бері әскерге шақыру науқанында біздің департаментіміз осы әскери бөлімге жас толым сарбаздарын жіберіп отырды. Қала тұрғындары мен ата-аналар арасында да әскери бөлім басшылығы мен командирлер құра-

мына, олардың сарбаздарға деген қамқорлығы үшін ризашылықтары мен алғыстары көп» дейді әскерден шығарып салу салтанаты жайында Астана қаласының Қорғаныс істері департаментінің бастығы, полковник Фархат Құрманғажиев.

Әскери міндетін атқарған жауынгерлерді Чернобыль апаттың жоюға қатысушы Ғалымбек Қожахметов, Нұра ауданы ардагерлері кеңесінің төрағасы Айтмағамбет Аипов, Ауғанстан соғысы мүгедектері мен ардагерлері ұйымының төрағасы Миранбек Тулеқаев және «Қарулы күштер ардагерлері» РҚБ өкілі, отставкадағы полковник Ғани Артықов құттықтап, сәттілік тіледі.

Іс-шара барлық бөлімнің салтанатты өтуімен аяқталды. Стендтің алдынан өткеннен кейін қызметтен босатылған сарбаздардың жеке құрамы қуанышты күйлерімен үйлеріне аттанды.



ХАБАРЛАНДЫРУ

Астана қаласы Есіл ауданы әкімінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі № 03-03/1-ші шешімімен Есіл ауданының Тельман және Заречный тұрғын алаптарында орналасқан зираттар жобалық сыйымдылығына жетуіне байланысты жабылды.

№40 (4784) 08/04/2025 Сейсенбі

Елорданың ботаникалық бағын әлемдегі ең жас бақ деп айтуға болады. Себебі ашылғанына енді жеті жыл толды. Бірақ соған қарамастан өсімдіктердің түрі жыл сайын көбейіп келеді. Мәселен, мұнда 58 тұқымдасқа біріктірілген 269 өсімдіктің түрі бар. Дала салқын болса да, оранжерея ішінде жайқалып тұрған тропикалық өсімдіктер мен жемістер көңілге жылылық сыйлайды.

Гүлмира
АЙМАҒАНБЕТ

Ботаникалық бақтың оранжереясында тропикалық және субтропикалық өсімдіктер көп. Біздің көзімізге бірден банан ағашы түсті. Өйткені қайбір жылдары астаналықтар осы жерден банан жеп, мәрсәре болғаны бар еді. Оранжерея меңгерушісі Ләйла Зекенованың айтуынша, банан – бұл ағаш та, бұта да, пальма да емес. Ол – бір-бірінің ішінде жапырақтап өсетін, табанында діңі бар үлкен шөп. Әрбір сабағында жалпы салмағы 60 келіге жететін 300 жемістен тұратын банан шоғыры болады екен. Соңғы жылдары банан бермейтін болыпты. Өйткені оның күтімі оңай емес көрінеді.

Одан әрі көлемі қос уысқа әрең сиятын апельсиндер мен мұндайды. Бір бауда 4-5 апельсин қосақтасып тұр. Иісі мұрынды жарады. Аз уақытта піскен соң елордалық келушілерге ұсыну жоспарда бар екен.



ОРАНЖЕРЕЯ – БОТАНИКАЛЫҚ БАҚТЫҢ БАЙЛЫҒЫ



«Ғылыми институт болғандықтан, біздің мақсатымыз – био алуан түрлілікті сақтап қалу. Ауырған өсімдіктерді емдеу, әдемі күйінде астаналықтарға көрсету. Тұқым алу мақсаты көзделмеген. Себебі кейбір өсімдіктердің тұқымы болмайды» дейді.

Ғылыми институт демекші, жалпы ботаникалық бақ ғылыми зерттеулерге, өсімдіктердің генофонді коллекцияларын сақтауға және толықтыруға арналған. Құрамында 7 зертхана бар. Атап айтқанда, гербарий қоры бар өсімдік ресурстары мен флора, ашық жерге гүлді және сәндік өсімдіктерді интродукциялау, жабық жерге гүлді және сәндік өсімдіктерді интродукциялау, өсімдіктер биотехнологиясы және молекулалық биология, дендрология, тұқым шаруашылығы және өсімдіктерді қорғау. Ғылыми жұмыстардың нәтижесінде Қазақстанның дәрілік, жуалы тамырлы, біржылдық және көпжылдық, сонымен қатар сирек кездесетін өсімдіктерінен коллекция жасалған. Оның үстіне жыл сайын жаңа таксондармен толықтырылады екен.

Ал оранжерея кешеніне келетін болсақ, мұндағы жабық

жерде 1500-ге жуық тропиктік және субтропиктік, шөл және шөлейт өсімдіктер өсіріледі. Температура мен ылғалдылықты бақылайтын заманауи климаттық жүйенің мүмкіндіктерінің арқасында әлгі банан, апельсин, папайя, кумкват, монстера сияқты өсімдіктер жыл бойы гүлдеп, ал кейбірі жеміс береді.

Айтпақшы, биыл кофе ағашы да жеміс берген екен. Сырты жеуге жарамды. Ішіндегі дәнінен кофе жасауға болады. Тура осы кофе туралы оранжерея қызметкері қызықты мәлімет берді.

«Аңыз бойынша бір шопан ешкілерінің таңғажайып бұтадан жидек жеп жатқанын көрген. Кейіннен жануарлардың энергиясы артып, секіріп, түні бойы ұйықтамайтынын байқаған. Шопан бұл туралы монахтарға айтқан көрінеді. Ал олар дұға кезінде ұйықтап қалмас үшін сол жидектерден суын әзірлеп ішкен екен. Міне, сол біздің сергек жүруімізге күш қуат беретін кофе ағашы елордада жайқалып тұр» дейді. Бір қарағанда кофе ағашының жидектері тура шиеге ұқсайды екен.

Мұнда жайқалып тұрған



Сұлтан СЕЙІТ

тағы бір ағаш – құрма. Ағзаға магний, мыс, күкірттің тәуліктік дозасын, сондай-ақ темірдің жартысын және кальций мен калийдің күнделікті қажеттілігінің төрттен бірін алу үшін күніне бір құрма жеу жеткілікті. Міне, сол құрма ағашы оранжереяның сәніне сән қосып тұр. Бұл түрдің отаны Азия мен Африканың тропикалық және субтропикалық аймағында өседі екен. Мұндағы құрма желтоқсан айында піскен. Дәмі тәтті болғанымен, шырғыны аз, құрғақтау болыпты.

Көзімізге болмысы ерекше тағы бір түскені – папайя. Жасыл папайя жемістері улы болғанмен, фармацевтика өнеркәсібінде сұранысқа ие. Оранжерея меңгерушісі папайя аталық өсімдік болған соң, жеміс бермейтінін алға тартты. Тек аналығы жеміс береді екен.

«Ал ананастың тұқымсыз және тұқымды түрі болса, бізде өсіп тұрғаны – тұқымы жоқ ананас. Ананас бір-ақ рет гүлдеп, жеміс бергеннен кейін тіршілігін тоқтатады. Қасынан балапан өсімдігі шығады. Сол кезде айдарын үзіп алып, көбейтуге болады. Төменгі сатыдағы өсімдіктерге гүлдемейтіндер жатады. Астананың ауа райында мұндай дүниені ұстап тұру күрделі. Себебі жылу мәселесі бірінші орында. Қыс мезгілінде 20-24 градус арасында ұстап тұру керек. Ылғалдылықтың мөлшері – 70-80 градус аралығы. Ең қиыны, ылғал жоғарылаған сайын, кейбірі ауруға бейім бола бастайды. Ондай кезде емдеумен айналысамыз» дейді Ләйла Шаймұратқызы.

Біз барған екінші кешен – Суккуленттер деп аталады. Мұндағы жылыжайда түрлі пішіндегі кактустар басым. Әлемдегі сирек кездесетін кактустар мен гибридтерді тамашалауға болады. Бақ қызметкері Мексикада өсетін сирек өсімдікті көрсетті. Оның биіктігі – 105 метр. Ені – 1 метр. 500 жылға дейін өмір сүреді. Салмағы 1 тоннадай болатын алып өсетін өсімдіктер де бар. Олардың жасын биіктігіне қарай білуге болады дейді.

Пілдің аяғына ұқсайтын өсімдіктің отаны Техас екен. Ылғалды тамырында ұстайды. Сонымен қатар бойы 20 метрге дейін өсетін кактус пен тек түнде ғана гүлдейтін сириус өсімдігін тамашаладық.

Жалпы, экзотикалық өсімдіктердің басым бөлігі Оңтүстік Америкадан, Африка, Аустралия және өзге де елдерден әкелінген. Оранжереяларға орнатылған жүйелер тамшылап суару, ылғалдатқыш, климат-бақылау – компьютер көмегімен басқарылады.

Кейінгі кездері мұнда келушілердің қатары көбейген. Мереке және демалыс күндері ата-аналар мен балалар, елорда қонақтары жиі келеді. Экскурсия мен шеберлік сыныптар жүйелі жолға қойылған. Бағасы да қолжетімді. Мәселен, мектепке дейінгі балаларға билет құны – 1000 теңге, оқушыларға – 1600 теңге, ал ересектерге 2200 теңге екен. Есесіне, оранжерея қызметкерлері әрбір өсімдіктің тарихын айтып береді. Ең бастысы, әлемнің түкпір-түкпірінде өсетін ғажайыптарды көріп, қуанып қайтасыз.

МАНТУ ҚАНШАЛЫҚТЫ МАҢЫЗДЫ?

Балалар арасында туберкулезді ерте анықтаудың негізгі әдісі туберкулин-диагностика, яғни манту сынамасы. Кейбір ата-аналар мантуды вакцинация деп қателеседі және бала туберкулез жұқтыруы мүмкін деп қорқады. Өйткені туберкулезге қарсы вакцина туберкулез таяқшаларының тірі әлсіреген штамдары орналасқан БЦЖ вакцинациясымен жасалады.



Манту сынамасы 12 айдан бастап балаларға жүргізіледі. Әсіресе «тәуекел» тобындағы балалар туберкулин диагностикасымен қамтылуға тиіс – бұл туберкулезбен байланыста болған, жиі ауыратын, бұрын туберкулезбен ауырған балалар, әлеуметтік жағдайы нашар педиатрда диспансерлік есепте тұрған балалар.

Манту сынамасы білектің ортаңғы үштен бір бөлігінің ішкі бетіне қойылады, яғни 0,1 мл көлемінде 2 туберкулин қоспасымен қамтылуға тиіс – бұл туберкулезбен байланыста болған, жиі ауыратын, бұрын туберкулезбен ауырған балалар, әлеуметтік жағдайы нашар педиатрда диспансерлік есепте тұрған балалар.

Манту сынамасы білектің ортаңғы үштен бір бөлігінің ішкі бетіне қойылады, яғни 0,1 мл көлемінде 2 туберкулин қоспасымен қамтылуға тиіс – бұл туберкулезбен байланыста болған, жиі ауыратын, бұрын туберкулезбен ауырған балалар, әлеуметтік жағдайы нашар педиатрда диспансерлік есепте тұрған балалар.

болып саналады. Егер инъекция орнында кез келген мөлшердегі қызару (гиперемия) немесе папула 4 мм-ге дейін болса, онда бұл күмәнді сынақ, ал тек инъекциялық реакция болған жағдайда – теріс сынама. Мантудың алғашқы оң сынамасы бар балалар фтизиопедиатрда 2 апта бойы тексеруден өтуі керек. Мантудың алғашқы оң сынамасымен диаскинтест те жүргізіледі. Оң диаскинтестпен бала фтизиопедиатрда терең тексеруден өтеді. Белсенді туберкулезді болдырмау кезінде бұл балаларға профилактикалық емдеу жүргізіледі. Тәжірибеде біз көбінесе профилактикалық емдеуді мүлдем елемейтін кейбір ата-аналардың сауатсыздығына тап боламыз. Ата-аналар балада манту сынамасы 6 мм-ге күрт өскен кезде де алаңдауы керек. Алдыңғы нәтижелермен салыстырғанда (мантудың гиперергиялық сынақтары кезінде) бұл инфекцияның жоғарылауы ретінде қарастырылады. Балада белсенді туберкулез процесінің дамуы болуы мүмкін. Елдегі туберкулез бойынша күрделі жағдайға қарамастан медицина қызметкерлері халық арасында, оның ішінде балалар арасында туберкулезді төмендету бойынша орасан зор профилактика жұмысын жүргізуде.

Анарғұл ПШЕМБАЕВА,
№1 қалалық емхананың
фтизиопедиатр-дәрігері

ДӘРІГЕРЛЕР КҮРДЕЛІ ОТА ЖАСАДЫ

Астана қаласында орын алған мына бір оқиға медицина саласындағы мамандарды таңғалдырды. 11 жасар баланың іші қатты ауырып, ауруханаға түседі. Бала бірнеше күн бойы асқазан-ішек жолдары ауырғанын сезгенмен, аурудың нақты себебі белгісіз еді.

Ата-анасы бастапқыда тамақтан улану немесе асқазанның жай ғана бұзылысы деп ойлаған. Алайда ауырсыну басылмаған соң, олар баланы дәрігерлерге көрсетуді жөн көрді.

Бала Астана қалалық №2 көпбейінді ауруханасына жеткізілді. Дәрігерлер УДЗ және компьютерлік томография (КТ) жасап, таңғалды. Баланың ішінен ұзындығы 5 см болатын тіс шұқығыш анықталды. Өңеш арқылы өткен бұл тіс шұқығыш ішек жолының ортасына тіреліп, уақыт өте келе ішекке біте қабысқан. Дәрігерлердің айтуынша, бұл зат баланың ағзасында бірнеше жыл бойы қалып қойған болуы мүмкін.

«Біз бастапқыда ісік деп ойладық. Алайда рентген мен эндоскопия зерттеулері нәтижесінде бөгде заттың тіс шұқығыш екенін білдік. Бұл – өте сирек кездесетін жағдай» дейді хи-

рургия бөлімінің меңгерушісі Әсем Шәкеева.

Ота лпароскопиялық әдіспен өтті. Яғни дәрігерлер үлкен кесу жасамай, іш қуысына арнайы құралдар енгізіп, бөгде затты сәтті алып шықты.

Операция 1,5 сағатқа созылды. Дәрігерлер шеберлігінің арқасында баланың денсаулығына ешқандай зиян келмеді.

Бала мұны қалай жұтып қойды? Бұл сұрақ ата-ананың ғана емес, дәрігерлердің де ойында тұрды. Болжам бойынша бала тіс шұқығышты байқамай жұтып қойған болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда мұндай заттар асқазан-ішек жолдарында ұзақ уақыт қалып қойып, уақыт өте келе асқынуды тудырады.

Медицина тәжірибесінде балалардың бөгде заттарды жұтып қоюы – жиі болатын құбылыс. Бірақ өткір және қауіпті



заттардың ішекте ұзақ уақыт қалып қоюы өте қауіпті.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сүйенсек, әлемде жыл сайын 100000-ға жуық бала бөгде заттарды жұтып қою салдарынан медицина көмегіне жүгінеді. Олардың 20 пайызға жуығына шұғыл операция жасалады.

Бұл оқиға – ата-аналар үшін үлкен сабақ. Балалардың қолы жететін жерде өткір және қауіпті заттарды қалдырмау керек. Сонымен қатар кез келген күмәнді белгілер пайда болған кезде

дәрігерге жүгінген жөн.

Науқас қазір толықтай сауығып, ауруханадан шықты. Оның ата-анасы дәрігерлерге алғыс айтып, басқаларға мұқият болуға кеңес берді.

Медицинадағы ғажайыптар – дәрігерлердің күнделікті жұмысы. Бірақ ең бастысы, балалардың қауіпсіздігіне жауапты болу – біздің қолымызда.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ,
Л.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық
университетінің студенті

ЖАТЫР ОНЫРЫ ҚАУІПТІ

Былтыр қыркүйек айында елордада 11 жастағы қыздарға адам папиллома вирусына қарсы жоспарлы вакцинация басталды.

Қазақстанда жатыр мойны обыры онкология бойынша сүт безі обырынан кейін екінші орында тұр, сондықтан АПВ-ға қарсы вакцинация елімізде де, оның ішінде Астана қаласында белсенді жүргізілді.

«Адам папилломавирусы – бұл тері мен шырышты қабықтарды жұқтыруы мүмкін вирустың 200-ден астам штамдарының тобы. Вирустың кейбір штамдары

зиянсыз және симптомдар тудырмайды, ал 6, 11, 16 және 18 жастағы қыздарда ісікке, әсіресе әйелдерде жатыр мойны обырына әкелуі мүмкін. Статистикаға сәйкес, Қазақстанда жатыр мойны обырынан жыл сайын 600 әйел қайтыс болады» дейді №7 қалалық емхананың балалар ісі жөніндегі меңгерушісінің міндетін атқарушы Перизат Лабеева.

Оның айтуынша, Қазақстанда

вакцинация үшін Америкадан әкелінген төрт валентті «Гардасил» вакцинасы қолданылды.

Вакцинация мектептерде бірінші және екінші дозалар арасындағы 6 ай аралықпен 2 кезеңде жүргізілді. Вакцинация әсіресе жыныстық қатынас басталғанға дейін, АПВ жұқтыру қаупі аз болған кезде тиімді болатынын ескеру маңызды. Осы себепті 11, 12, 13 жас аралығындағы қыздардың вакцинация алуы маңызды.

«Біздің емханада вакцинация кезеңі басталғаннан бері мектептерде 516 қыз вакци-

нация алды. Оның ішінде 11 жастағылары – 218 қыз және 12-13 жастағылары – 298 жасөспірім. Адам папилломавирусына қарсы вакцинация – бұл вирус тудыратын аурулардың алдын алудағы маңызды қадам. Қазақстанда вакцинация жастар үшін тегін және қолжетімді, бұл болашақта кездесуі мүмкін ауыр аурулардың алдын алуға мүмкіндік береді» дейді Перизат Сәрсенқызы.

Жалпы дәрігерлер вакцинацияны кейінге қалдыруға болмайтынын алға тартады. Өйткені профилактика әрдайым емдеуден гөрі тиімді.

Қазір әлемде АИТВ-инфекциясының не екенін білмейтін адам жоқ. Таралуы қазір нақты пандемияға тән. Инфекция барлық дерлік елдерді басып алды.

АИТВ-НЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Қазақстанда АИТВ-инфекциясы шоғырланған сатыда, бірақ жыл сайын АИТВ-ның жаңа жағдайлары, әсіресе халықтың жас бөлігі арасында ерте жыныстық байланыстарды, оның ішінде қорғалмаған жыныстық қатынастарды немесе синтетикалық есірткіні қолдануды үйреніп жатқан және жұмыс істейтін адамдар арасында анықталады. Сондықтан АИТВ инфекциясының тез таралуы жағдайында:

– АИТВ-инфекциясы туралы бәрін білу;

– Өзінің АИТВ-статусын білу;

– Есірткіден, оның ішінде синтетикалық препараттардан инъекциялық емес дәрілерден бас тарту;

– АИТВ статусы белгісіз серіктеспен жыныстық қатынас кезінде мүшеқапты қолдану қажет.

АИТВ – адамның иммун тапшылығы вирусы. Ол – адамның иммун тапшылығы вирусы ағзаға енген кезде дамиды, иммундық жүйенің зақымдануын тудыратын, ағзаның қорғанысының әлсіреуіне әкелетін ауру. АИТВ адам ағзасының белгілі бір жасушаларына ғана әсер етеді, бұл – иммундық жүйенің Т-лимфоциттері (әдетте сау адамда 1 мл қанда 600-1200 жасуша/мл болатын Т4-лимфоциттер).

Иммунды тапшылық – ағза әртүрлі инфекцияларға қарсы тұра алмайтын жағдай. АИТВ адам ағзасында өмір сүреді және көбейеді, әртүрлі жұпталы аурулардан, қатерсіз және қатерлі ісіктерден қорғауға жауапты жасушаларды бұзады.

АИТВ-инфекциясы дамуының соңғы кезеңі – ЖИТС-тің пайда болуы. ЖИТС – жүре пайда болған иммун тапшылығы синдромы – бұл АИТВ-инфекциясының соңғы кезеңі, онда адамның иммундық жүйесі инфекцияның кез келген түріне қарсы тұра алмайтындей әсер етеді. Кез келген инфекция, тіпті ең зиянсыз, ауыр сырқатқа және өлімге әкелуі мүмкін. Иммундық жүйенің әлсіреуі нәтижесінде әртүрлі ауру дамиды, олардың ішінде: туберкулез; менингит; пневмония және кейбір қатерлі ісіктер. ЖИТС-пен ауыратын науқастарда бұл аурулар иммундық жүйесі сау адамдарға қарағанда ауыр және өлімге әкеледі. Оларды оппортунистік аурулар деп те атайды (ағылшынша «opportunistic» – бұл ыңғайлы жағдай, қолайлы мүмкіндік), өйткені олар адамның иммундық жүйесінің әлсіздігін олардың дамуына қолайлы мүмкіндік ретінде пайдаланады.

АИТВ-инфекциясының көзі аурудың кез келген сатысында, соның ішінде инкубациялық кезеңде АИТВ жұқтырған адамдар. АИТВ-инфекциясының инкубациялық кезеңі – бұл инфекция сәтін бастап ағзаның вирусты енгізуге реакциясына дейінгі кезең (клиникалық симптоматологияның немесе антиденелердің

пайда болуы) әдетте 2-3 аптаны құрайды, бірақ 3-8 айға дейін, кейде 12 айға дейін созылуы мүмкін.

Осы кезеңде жұқтырған адамның бойынан АИТВ-ға қарсы антиденелер анықталмайды, осыған байланысты инфекцияны парентеральды немесе жыныстық жолмен сау адамға жұқтыру қаупі арта түседі. Инфекцияны жұқтырған адамдар ол туралы білмей қалыпты өмір сүреді. Бірнеше аптадан немесе айдан кейін ғана инфекция өзін-өзі білуге мүмкіндік береді. Бұл жағдайда температура көтеріледі, лимфа түйіндері ұлғаяды, теріде бөртпелер, тіпті диарея болуы мүмкін. Сондықтан оны тұрақты еммен немесе басқа ұқсас аурулармен шатастыруға болады. Содан кейін тыныштық кезеңі орын алып, адам өзін сау сезінеді. Ол бірнеше жылға созылуы мүмкін, бірақ іс жүзінде вирус ағзада қалады, көбеюін жалғастырады, иммундық жүйені біртіндеп жояды. Осылайша, бірте-бірте АИТВ аурудың соңғы сатысы – ЖИТС-ке жетеді. Ең қорқыныштысы, иммундық жүйе енді өз функцияларын орындамай, өліммен аяқталады.

АИТВ инфекциясының алдын алу:

Өкінішке қарай, қазіргі кезде АИТВ-ға қарсы тиімді вакцина әзірленбеген, дегенмен қазір көптеген елде осы салада зерттеулер жүргізілуде. Осылайша АИТВ-инфекциясының алдын алудың барлық шарасын сақтау керек және денсаулық әр адамға байланысты және алғашқы алдын алу шараларын қамтитынын есте ұстаған жөн:

– кездейсоқ жыныстық қатынасты болдырмау;

– бейтаныс серіктеспен жыныстық қатынас кезінде тосқауыл түріндегі контрацепцияны қолдану;

– есірткіден бас тарту;

– донорлық қанды, трансплантацияланатын органдарды бақылау;

– стерильді құралдарды қолдану;

– жыныстық жолмен берілетін инфекцияларды уақытлы диагностикалау және емдеу сияқты алғашқы алдын алу шараларын қамтитынын есте ұстаған жөн.

АИТВ-инфекциясының таралуына қарсы күрес құралдарына оқушыларды алдын алу шаралары туралы хабарлар ету, отбасы құндылықтарын насихаттау, жыныстық гигиенаны үйрететін курстар өткізу жатады.

АИТВ-инфекциясына қатысты сұрақтар бойынша 38-04-64, 38-07-02 нөміріне хабарласуға болады, барлық ақпарат kazaid.kz ресми сайтында қолжетімді.

Б.К.ҚҰЛТАНОВА,
АИТВ-инфекциясының
алдын алу орталығы эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің меңгерушісі

БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІН КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ

«Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ Астана қаласы әкімдігінің «№8 қалалық емхана» ШЖҚ МКҚ, Астана қаласы әкімдігінің «№11 қалалық емхана» ШЖҚ МКҚ, Астана қаласы әкімдігінің «№2 көпбейінді қалалық аурухана» ШЖҚ МКҚ, Астана қаласы әкімдігінің «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКҚ, Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКҚ байқау кеңестері мүшелерінің орнына конкурстық іріктеу басталуын хабарлайды.

Байқау кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар мен конкурсқа қатысуға өткізетін қажетті құжаттар Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №113 «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесін құру қағидаларын, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ

байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілетін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес болуы қажет.

Қатысушы конкурстық өтінімнің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және мекен-жайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді және «_____ мемлекеттік кәсіпорының байқау кеңесі мүшелерінің конкурсы» және «_____ дейін ашуға болмайды» (конвертті ашу күні мен уақыты) деген сөздерді қамтуы тиіс.

Конкурстың өту орны: Астана қ., Бейбітшілік к. 11, 411-кабинет. Тел. нөмірлері: 557484, 556842.

Конкурстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) – 2025 жылғы 8 сәуір.

Конкурстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау) – 2025 жылғы 6 мамыр.

ӘМБЕБАП ЖАУЫНГЕРЛІК КӨЛІК

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Елордада «Қазақстан Парамант Инжиниринг» компаниясы суда жүзе алатын «Terrex Barus-A 8x8» жауынгерлік көлігін таныстырды. Бұл – сингапурлық «ST Engineering» компаниясымен бірлесіп жасалып жатқан ірі жоба. Оны құрастыруға, жетілдіруге құқық беретін барлық құжатты Қазақстан тарапы сатып алған. Алдағы уақытта әскери машина түрлі ауа райы және табиғи жағдайда ауыр сынақтардан өтуі тиіс.

БАЛҚАШТАН ДА КЕСІП ӨТЕДІ

Жауынгерлік көліктің таныстырылымына қатысқан ҚР Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықов «Армия мобильді, кәсіби және заманауи қару-жарақпен қамтылған болуы керек. Себебі біздің басты мақсат – мемлекетіміздің конституциялық құрылымын, территориялық тұтастығын сақтау. Осындай өнімдер әскеріміздің қуатын арттырады» деп атап өтті.

«Terrex Barus-A 8x8» – өзен-көл, батпақ пен шөл, аптап ыстық пен сары аяз секілді табиғаттың түрлі сынағына төтеп беретін әмбебап көлік. Ең бастысы бұл әскери техника ашық суларда еркін жүзе алады. Бұл оны нағыз амфибиялық жауынгерлік көлікке айналдырады.

– «Terrex Barus-A» – қазіргі уақыт технологияларына сай келетін әскери көлік. Қазақстанда қазақтың қолымен қазақтың сарбазына арналып жасалады. Біздің азамат ретінде ғана емес, кәсіпкер және өндіруші ретіндегі міндетіміз – жауынгерлеріміздің өмірін сақтау, – дейді Қорғаныс-өнеркәсіп кешені кәсіпорындары қауымдастығының төрағасы Айбек Барысов.

Өндіруші компания өкілдерінің айтуынша, отандық әскери көлік ішіндегі жауынгерді 10 келі тротилдың жарылысынан қорғай алады. Танкке қарсы минаның өзінде 7 келі тротил болатынын ескерсек, көпмақсатты жауынгерлік көліктің қорғаныш деңгейі жоғары санатқа жататынын байқауға болады. «Terrex Barus-A» 12 жауынгерді тасымалдай алады, экипажы – 2 адам. 600 аттың күші бар. Ең бастысы ол Есіл, Ертіс сияқты өзендерден еркін жүзіп өте алады.

«Біз Қазақстанда өндірілген бұл жауынгерлік техниканың суда жүру қабілетін нақты сынап көру үшін Балқаш көлін (екі жағалау арасы 20 шақырым мөлшеріндегі бөлігінен) кесіп өтуді де жоспарлап отырмыз» дейді компанияның сату бөлімінің директоры Мұсатай Арқабай.

ҚОРҒАНЫСҚА ҚОСАР ҮЛЕСІ МОЛ

«Қазақстан Парамант Инжиниринг» ЖШС – Орталық Азиядағы заманауи броньды дөңгелекті машина шығаратын ең ірі кәсіпорын. Қазірге дейін 4x4 дөңгелекті формуласындағы «Арлан» көліктерін, 6x6, сондай-ақ 8x8 дөңгелекті формуласындағы «Барыс» көліктерін өндіріп, еліміздің қауіпсіздік саласында күштерінің қолданысына беріп үлгерген бұл компания қазір жылына 120 жауынгерлік көлік өндіретін қуатқа жетті. Жақында бұл компания қос осы, барлық жетекші дөңгелегі бар, MRAP (mine resistant ambush protected – минаның жарылуынан және шабуылдан қорғау) түрі бойынша күшейтілген минаға қарсы қорғанысы бар «Алан 2» көлігін жасап шықты. Бұл 100 пайыз Қазақстанда өндірілген жауынгерлік машина саналады.

Әрине, «Қазақстанда тазиктен басқа өндірілмейді» деп аузын қу шөппен сүртетіндер көп. Ал шын мәнінде «Қазақстан Парамант Инжиниринг» компаниясы сияқты ел өндірісіне өз үлесін қосып жатқан отандық өндіріс орындары бар.

«Қазір жұрттың көбі «Қазақстанда жасалған десе, Қазақстанда құрастырылған» деп түсінеді. Жоқ, олай

Қазақстанда алғаш рет суда жүзе алатын көпмақсатты заманауи жауынгерлік көлік құрастырылып жатыр. Бұл жаңалық – еліміздің қорғаныс өнеркәсібі саласындағы ауқымды қадамы ғана емес, әскери технологияның да жаңа белеске көтеріліп жатқанының көрінісі.



емес, қазір Қазақстанда өндіріліп жатқан техникалар да бар. Соның бірі – «Алан-2». «Алан-2» көлігі – отандық инженерлер әзірлеген алғашқы жоба. Бұған дейінгі техникаларға шетелдік серіктестердің жобасы пайдаланылса, «Алан» сериясы толығымен жергілікті мамандар еңбегімен жасалды» дейді Мұсатай Арқабай.

СЕРІКТЕСТІҢ ДЕ ПІКІРІ ЖОҒАРЫ

«Қазақстан Парамант Инжиниринг» компаниясы сингапурлық ST Engineering компаниясымен ынтымақтастық орнатқан. Қазір екі компания ортасындағы байланыс барған сайын нығайып, заманауи үлгідегі жаңа техникаларды өндіруге ойысқан.

Сингапурлық ST Engineering – әлемдік қару-жарақ индустриясындағы алыптардың бірі. 1967 жылдан

бастап қару-жарақ, оқ-дәрі, броньды көлік өндірісімен айналысып келеді. Компания бүгінде әлемнің 43 елімен әріптестік орнатқан. Былтырғы қаржы айналымы – 12 миллиард доллар.

– Біз Қазақстан тарапымен былтырдан бері тығыз байланыстамыз. Бұл елде қорғаныс саласы жақсы дамып келеді. «Қазақстан Парамант Инжиниринг» компаниясы – технологиялық әлеуеті жоғары мекеме. Біз келісімшартқа қол қоймас бұрын техникалық мүмкіндіктерін жіті зерттедік. Олар біздің талабымызға толық сай келеді, – деді сингапурлық компанияның басшысы Чэнь Ботан.

«Terrex Barus-A» әскери көлігінің Қазақстанда өндіріле бастауы – мемлекеттің әскери-техникалық дербестігі жолындағы маңызды қадам. Сондай-ақ бұл техника ел тыныштығы мен сарбаз қауіпсіздігін қамтамсыз етуде де өз рөлін көрсетеді.



ЖОЛАУШЫЛАР СЕНІМІН АҚТАҒАН

Қоғамдық көлік тізгіндеу – халықпен үнемі байланыста болуды талап ететін жауапты жұмыс. Арамызда осындай қызметті абыроймен атқарып, бақытын осы істен тапқан жандар аз емес. Солардың бірі – елорданың №1 автобус паркінің жүргізушісі Ерік Әміреев. Жеті жыл ішінде ол Астанадағы қоғамдық көліктің бірталайын басқарды.

Индирра БЕРЖАНОВА



Автобус артынан жаңшыра жүргіретіндерді сабырмен күтіп, ешкімнің көңілін қалдырмай, бәрін мінгестіріп алуға дайын Ерік Әміреев бүгінде №8 бағдардағы автобусты жүргізеді. 35 жастағы кейіпкеріміздің бұл салаға келуі кездейсоқ емес. Жамбыл облысының тумасы елордаға көшпес бұрын жергілікті автопаркте қызмет етіп жүрді. Кейін ат басын Астанаға бұрып, тәжірибелік сынақтардан өтіп, №1 автобус паркінің қатарына қабылданады.

қабақ шытпай, күліп қарасаң, күнің де дәл солай өтеді. Көп жағдайда үлкен кісілер, тұрақты түрде мінетін жолаушыларым мені танып, амандасып кетеді. Әрине, оларға қуанасың.

Мен жүретін маршрутта айта кететіні – жол мәселесі. Жаңа автобуспен күніне бірнеше мәрте шұңқыр жерлерден өтуге, әрине, жаның ашиды. 1,5 миллионнан аса тұрғыны бар қалада жолақысын төлемейтін адамдар саны



«Қоғамдық көлікті тізгіндеуіме әкем себепші болды» деп бастады әңгімесін кейіпкеріміз. Себебі әкесі ұзақ жылдар бойы жүргізуші болып, осы қызметінен зейнетке шыққан. Оның үстіне туған ағалары да осы саланы таңдаған екен. Әке мен аға жолын қуған Ерік Әміреев үшін өзі үлкен, іші кең қоғамдық көліктің руліне отыру өмірлік мақсатына айналады.

Қызметінің алғашқы жылдары ПА3 және қалааралық Setra автобустарын тізгіндеді. 2021 жылы елордаға көшкен ол №1 автобус паркіне қызметке орналасады. Бас қалада Iveco Citelis маркалы автобусты ауысып, №5, 24, 71 маршруттың тізгінде отырады. Тәжірибесі мол жүргізуші бүгінде Yutong автобусын жүргізеді. Астаналық автопаркте осыдан 3 жыл бұрын жұмысқа орналасқан ол әлі күнге дейін автобус кабинасынан ажыраған емес.

Жұмыс кестесі тығыз. Таңғы 6-да автопаркке жетіп, диспетчерден жолдамасын алады, медицина тексеруінен өтіп барып, график бойынша жұмысқа кіреді. Ең алғашқы рейске 6:30-да шығып, кешкі 10-ға дейін жұмыс істейді. №8 автобусты күн сайын 800-1000-ға тарта адам отырады. Экипажда осыншама өмір иесін тасымалдаған соң, жүргізуші мойнындағы жауапкершілік орасан. Ерік Әміреев әр жолаушыны А-нүктесінен Б-нүктесіне дейін аман-есен жеткізу басты міндетім дейді. Басқа салаларда өзін сынап көрген ол «осы қызметім жанымға жақын» дейді автобус жүргізушісі.

«Қай қаланың қоғамдық көлігі тізгіндеуімен десен, біріншіден, сол қаланы жетік білуің қажет. Астана секілді мегаполистерде қаншама жолаушы бар. Халықпен үнемі байланыста болғаннан кейін түрлі адам кезігеді. Бірі рақмет айтып, сәтті күн тілесе, енді бірі шу шығарып, сөзге келуге дайын-ақ тұрады. Мұндайда бастысы сабырлық таныту керек. Кез келгенге

да жоқ емес. Электронды төлем жүйесін кімдер өткізгенін экран арқылы көріп, есептеп, шамамен қаншасының төлегенін біліп отырамын. Мәселен, оң жағалауда тексеріс аз жүргізілетін аудандарда жасөспірімдер төлемей кетіп жатады. Көлікке асыға мінген жолаушылардың төлеуге асықпайтыны рас.

Көшеде өзге көлік жүргізушілері тарапынан мәдениетсіздік аса байқалмайды, сұранғанда өткізіп жіберетіндер көп, оның үстіне қазір bus lane жолағы да өте тиімді. Десе де асығып-аптығатын жүргізушілер болады. Мұндайда мен жолымды кесіп алдыма шығып алатындарды өткізе беремін. Соларды жөніне жіберіп, 30 секунд жоғалтқаным апатты жағдай тудырғаннан әлдеқайда жақсы» дейді кейіпкеріміз.

Маманның сөзінше, бүгінде автобус жүргізушілері арасында аға буынмен қатар, жастардың да қатары артып келеді. Себебі бүгінде жүргізушілерге жақсы көңіл бөлінуде.

«Жыл сайын жалақымыздың өсіп отырғаны қуантады. Жастар жағы бұл саланы таңдап, көптеп тартылып жатыр. Десе де бұл жұмысқа орналасу үшін белгілі бір талаптарға маман сай болу керек. Жүргізуші куәлігінің болуы жеткіліксіз, арнайы сынақтан да сүрінбей өтуі тиіс. Ал №1 автобус паркінің жүргізушісі атану үшін 5 жыл еңбек өтілі талап етіледі.

Өмірлік жолын жолаушы тасымалымен байланыстырған Ерік Әміреев – төрт қыз тәрбиелеп отырған көпбалалы әке. Кез келген саланы алға жылжытатын жастар болса, кейіпкеріміз автобус жүргізушісі боламын дейтін жастар үшін бұл сала арнайы оқу орындарындағы курстарда үйретілсе екенін айтып қалды. Болашақ мамандарды осы салаға тартып, сүйікті ісін білікті жас буынға барынша насихаттау – басты мақсаты.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

Ән жазатын адамның өн бойында парасат, ақыл, даналық болмаса, жазылатын әуен де сондай жеңіл, ғұмыры қысқа, арзан болып туады. Ал композитор ойлы, парасатты, өнерге адал адам болса, оның туындысы тыңдаушының жүрегінен орын алады. Кентау ағамның адами зор бақытының, композиторлық талантының құпиясы осында жатыр.

САЙЫН ДАЛАНЫҢ ДҮБІРІ

Қазақта «Сегіз қырлы, бір сырлы» – аса биік тұлғалы азамат деген сөзді кез келген адамға қаратып айта бермейді. Мұндай атаққа лайықты адамның бойында ақындық, әншілік, күйшілік, өнерпаздық қабілетпен қатар адамгершілік, жомарттық, мәрттік, тектілік сияқты ізгі қасиеттер болуы тиіс. Өз заманында есімі күллі елге мәлім Біржан сал, Ақан сері ұлттық мәдениетіміз бен өнеріміздің аласармас шыңындай болып, сал-серілік дәстүрді берік ұстанды. Олар өзі нақшына келтіріп айтатын әндерін өздері шығарып, өздері орындап, өздері насихаттады. Ел ішінде сән-салтанатымен жүрген серілердің жарқын үлгісі бүгінгі заманда үзіліп қалғандай ойлайтынымыз рас. Алайда ғажайып үрдіс үзілген жоқ. Өзі әннің сөзі мен әуенін жазып, өзі жұртқа насихаттап жүрген хас өнерпаздың бірі – Кентау Назарбек. Қазірге дейін ұзын-саны 200-ге жуық ән жазып, соның барлығын халыққа өзі таратып, насихаттап жүрген әнші-композитордың шынайы өнер иесі екенін айтқымыз келеді.

Кентау Назарбектің әндерінде ұлттық дәстүр, рух, колорит бар. Тобырлық әндерге қарсы тұрарлық ғаламат күш бар. Қазақтың сайын даласының иісін, кеңдігін көрсететін ғаламат үн бар. Сөзімізге дәлел іздесеңіз, «Абайдың өлені!», «Күнбай», «Сен қазақсың!», «Домбыра», «Үш бақытым», «Отан, Отан!», «Рахмет, дала!», «Бесік жыры», «Қазақстан», «Ұлы елім, асқақта!», «Қазақ жері», «Сен қазақсың!», «Қазағым, жаса мәңгілік!», «Мен қазақпын!» әндерін тыңдаңыз. Қандай да бір әнді жазарда ұлттық намысы, мінезі мен отаншылдық ұстанымы мен-мұндап тұрады. Ұлттық болмысын сақтап, әнқұмар әр жүректің төрінен орын алатын себебі әндерінің шынайылығы мен өміршеңдігі дер едік. Әр әннің мәтініндегі ырғақ, үйлесім бір-бірімен жымдасып тұрады. Бұл сөзімізге дәлел керек болса, ақын Маржан Жұмабайдың сөзіне жазылған «Сүй, жан сәулем!», «Күнім, айым!», ақын Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған «Жүр, қалқам», «Қайран, көктем», «Кел, еркем, Алатауыңа!», «Ән сал, жаным!», «Бір күндік сәуле», «Жастық әні», «Әлем сұлу екен ғой», ақын Қадыр Мырза Әлінің сөзіне жазылған «Махаббат жыры», «Бақыт үлкен болмайды»



РУХТЫ ӘНМЕН ТЕРБЕГЕН

Тума талант, әнші-композитор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі Кентау Назарбекпен елордадағы Шәкәрім мектебіндегі «Жұлдыздар шеруі» атты мерекелік кеште таныстым. Қалпы қазақы, жүзі жылы адаммен бұрыннан таныс-біліс адамдардай сөзіміз бірден жарасым тапты. Чеховша айтар болсақ, «жүзі де, киген киімі де, жаны да, ойы да әсем» өнерпазбен салтанатты жиын өтетін үлкен залда да қатар отырдық.

және «Бір бәйтерек, бір шынар», «Баласы жақсы болса» атты әндеріне құлақ түріңіз. Сол сәтте тұла бойыңыз шымырлап, әуелеген әннің жетегімен биікке қалықтай жөнелесіз.

ҚАЗАҚТЫҢ ӘНІН ТЫҢДАҒЫҢ КЕЛСЕ...

Кентау Назарбектің ұстазы, белгілі композитор Теміржан Базарбаев: «Кентаудың әндері байыптылығымен, байсалдылығымен, әуезділігімен, қазақи болмысқа сай адами қалпымен құнды» деген баға беріпті. Белгілі жазушы, аудармашы, баспагер Роллан Сейсенбаев: «Музыка ауа. Музыка үн ғой!.. Үн тебіренісін жанымен сезіп, Жер-ана мен асқақ аспан кеңістігінде сол үнді еркін тербете алған әуен өлмейді. Халық әндерінің өміршеңдігі де осында жатыр. Кентаудың әні халқының тыныс-тірлігінің айқын көрінісін танытады. Осынау шырғалаң жалған дүниеде Кентау маған өмірден өткен халық композиторларын еске салады. Қоңыр үн, қоңыр ән, сабырлы да салиқалы тұнық музыка. Жер-ана мен көк аспан ортасында телегей теңіз бейнесінде тербелген, әсіре тау суындай таусылмайтын ерекше асқақ үн. Қазақ үні» деп тебірене-толқып жүрекжарды лебізін жеткізді.

Қазір ұйқасы ұйқас емес ән көбейді. Таңертөң

«Шалқарды» қосып қалсам, сөзі мен сөйлемі орнында тұрмаған неше түрлі әндер эфирден беріледі. Бұл – батыстың лас мәдениетін бойына сіңірген, ұлттық талғамнан алыс композиторсымақтардың шығарған әндері. Тобырлық музыка мен тобырлық әндер қазақтың той-думанын, сән-салтанатты кештерін де жаулады. Қазір «Көк Жигули» мен «Жылтыр көйлектің» деңгейіне түсіп кеткен Қазақстан эстрадасы ұлттық бояуын жоғалтып, рухымызды әлсіретуге бар күш-жігерін жұмсап жатқанын білсек те, бейқам қалпымызда өтміз. Міне, санамызды улайтын сұмпайы саз рухымызды тұншықтырған шақта ұлттық арманы болмысы, мінезі бар композиторлар шығып жатыр. Әйтпесе даңғаза думандарда «Ұялағандар әнші болып», құр ыңырсығандар да «өнерімен» жас ұрпақты рухани мешдікке бастап барады. Жаһандану деген тажал да ұлттық өнерді жұтқалы тұрған кезеңде қазақты ұлт ретінде сақтап қалатын – ұлттық музыка, ұлттық өнер. Қазір қазақтың әнін тыңдаудан жиренетін дүбәра жастар да бар екені шырылдаған шындық.

Бұл үрдіс туралы Кентау Назарбектің өз пайымы бар: «Қазір пайданы ғана ойлаған кейбір «әншілер», «сазгерлер» арзан танымалдықтың жетегіне еріп, қырғыздың, өзбектің, ұйғырдың, қытай-

дың, түріктің, армянның, еврейдің әуендерін қазақшалап орындап, ұлттық болмысымызға сай келмейтін жат әуендерді буыны қатпаған жастардың санасына сіңіріп, аяусыз улап жатыр. Өкініштісі, ондай әндерді тыңдаған жастарымыз ұлттық кодын айырылып, дүбәра халге түсті. Мұндай үрдіс жалғаса берсе, өзімізге ғана тән қазақы әуенді келешек ұрпақ ұқпай, саф өнеріміздің тынысы күннен-күнге тарылып, рухани әлсіреп, тіпті ұлттық өнерді жоғалтуға әкеліп соғатыны анық. Бұл – ұлт болашағына төнген зор қауіп. Ал Қазақ елінің ертеңіне, жас ұрпақтың келешегіне бәріміз бірдей жауапты екенімізді естен шығармайық!».

ӨЗГЕ ЖҮРЕКТІ ТОЛҒАНДЫРАТЫН ӘН ЖАЗ!

Қазақтың әйгілі композиторы, өнер зерттеушісі, жазушы Лия Жақанов Кентау Назарбектің «Жастық әні» атты әнін тыңдап, мынадай шынайы ағалық ақ тілегін жазып жіберіпті: «Қадірлі Кентау! Сенің «Жастық әні» деген жақсы бір әніңді тыңдап отырып, сол сәттегі ойымды жеткізім келді. Осы әнді тыңдағанда, ең алдымен, Мұқағалидың ойы мен сезімін өз жүрегіңнің толғанысы етіп, мелодиясын жеріне жеткізе жазып, кешегі Жүсіпбек Елебеков, Мәдениет

жан Базарбаевпен жан жүрегіміз үйлескен, ой-пікіріміз ұқсас жандармыз. Мен әндеріңді беркерге мақтамаймын, оның маған да, саған да қажеті жоқ. Біз баяғыда Жүсіпбек Елебековті ұйып тыңдағанда тірі Абай ғой деп қиялға батушы едік. Абай елінің ән салу мәнері, домбыра шертісі бөлек. Тыңдап отырғанда өзіңді көрмесе де, жүрегі зерделі адам әнді түсінеді. Өз еліңнің ән дәстүрін бойға сіңіріп, осындай тамаша әндер жазып жүргеніңе қуанып отырмын. Қандай ән жазсаң да, өзіңнен де ұзақ өмір сүретін болсын, тілегім сол. Мына «Жастық әні» сезімі сырлы, тебіренісі терең, қуатты әншілерге орындауға беру керек. Жүсекең орындайтын «Қанатталды» әні сияқты бағы ашылады».

Өнер әркім кіріп-шығатын, әр адам жаман «сөзімен», «әнімен» былғай салатын төр емес. Соның ішінде ән өнері – қазақпен біте қайнасқан, күнделікті қан тамырларымен бірге соғатын рухани қазынасы, сарқылмас бұлағы. «Үлкен өнердің үлкен, таза мінезі болуы керек» деп ұлы Ғабан айтқандай, шынайы өнерпаздың таза мінезі, кіршіксіз болмысы көп рөл ойнайды. Бұл орайда Кентау Назарбектің елдің алдында да, Құдайдың алдында да ары таза, беделі биік. Белгілі театр және кино актері Бекжан Тұрыстың сөзімен айтсақ: «Адал да арлы адамнан ғана тамаша өнер иесі шығады». «Бізге бүгін шын жақсысын емес, көңілі жарасқан өз тапшысын асыра мақтау мен өсіре мақтау әдетке айналып кетті. Қара бастың қайғысын құлдық тірліктің рахатына айырбастамайтын, әділдікке бастаған ісі он, биіктесе – аспандап асқақтамай, төмендесе – жабырқап-жасымайтын, бойында жасандылығы жоқ, бірқалыпты мінезінен өзгермеген, сырбаз жан кім десе Кентауды айтар едім. Ән адам жанымен егіз. «Халықтың әні кетсе, әдебиеті жесір қалады, сәні кетеді, сәні кетсе, жаны кетеді» дейді Сұлтанмахмұт Торайғыров. Құлақтан кіріп, бойдан тұрақ табатын әуезді әндерің көп болсын, Кенеке! Елін әнімен тербеп жүрген Кентау Назарбекке айтарым өмірің өнеріңмен өрістеп, биіктей берсін. Еліңнің игілігіне қызмет ете бер!» деген лебізін жеткізіпті ол.

ҚАМҚОРЛЫҚ

Президенттің жыл сайынғы Қазақстан халқына арналған Жолдауларында тұрғындарға мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру және азаматтардың мемлекеттік органдардың қызметіне деген сенімін көтеру маңызы ерекше аталады.

Осы орайда департамент 2024 жылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің бизнес-процестерін талдау нәтижесі бойынша 29 бастамашылық ұсыныс әзірлеген болатын. Мысалы, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған процедураларды оңтайландыру, яғни арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ете отырып, мүгедектігі бар адамның жеке реабилитация жоспарында протез алу көрсетілген болса және де аталған құралдарды пайдалану мерзімі өткеннен кейін, өтініш беруші протездерді жаңа технологиялық (модульдік) шиналы былғарыға ауыстырғысы келген жағдайда ақпараттық жүйеде алдыңғы мәліметтер көрінбеуі себепті жеке реабилитациялық жоспарына түзетулер мен өзгерістер енгізу қажет болған (алдыңғы берген өтініші ақпараттық жүйеден өшіп кетуі себепінен).

Мәселені шешу жөніндегі ұсыныс ретінде мүмкіндігі шектеулі жандарды әуре-сарсаңға салмау, уақытының үнемделуін және қайта жүгінуді барысында бас тартуды болдырмау мақсатында бұрын алынған барлық деректі ақпараттық жүйеде сақталуы бойынша жұмыс жүргізілді. Департамент ұсыныстары негізінде агенттік және жауапты министрліктер тыңдалымдар өткізіп, жиналыста талқылап, қазіргі таңда осы қызметті енгізу бойынша бірқатар әрекет атқаруда. Сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді жетілдіру бойынша жұмысты жүргізу бюрократияны азайту мен сыйбалас жемқорлық тәуекелдерін жоюға бағытталғанын атап өткен жөн.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті

ЖАРИЯ СЕКТОРЫ ҚОЛЖЕТІМДІ

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің жария секторы ақпараттық сервисі қоғамға ортақ қолжетімді.

Жария секторы – қылмыстық процеске қатысушыға интернет арқылы ақпараттық қолжетімді және құпия талаптарын сақтай отырып, қабылданған процесік шешімдер туралы сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімі (әрі қарай – СДТБТ) бар және өзге де мәліметтерге, өзіне немесе ол қорғайтын адамға қатысты қылмыстық істің материалдарына қашықтан қол жеткізуге, арыз және өтініштер беруге мүмкіндік беретін СДТБТ-нің функционалы. Қылмыстық процеске қатысушыларға интернеттің, ЭЦҚ-ның болуы және жария секторда мәніндегі түрде тіркелуі қажет. Қылмыстық процеске қатысушыларға қолжетімділікті сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуші адам ҚР ҚПК-де көзделген шектеулерді ескере отырып, бекітілген көлемде береді. Жария секторына қолданушылар қатқол. gov.kz сілтемесі арқылы кіріп, тіркеле алады.

Б.ЕЛЬКЕЕВА, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті бөлімінің аға прокуроры

9 2025 19:00 СӘУІР

ФИЛАРМОНИЯ КОНЦЕРТ ЗАЛЫ Астана қ., Кенесары,32

ҚАЗАҚ ОРКЕСТРІ Көркемдік жетекшісі ҚР еңбек сіңірген қайраткері, АЙТҚАЛИ ЖАЙЫМОВ Дирижер ҚР Мәдениет қайраткері НҰРЛАН БЕКЕНОВ

ҚР еңбек сіңірген қайраткері Қазақстан композиторлар одағының мүшесі, Композитор КЕНТАУ НАЗАРБЕКТИҢ

“БІР БӘЙТЕРЕК, БІР ШЫНАР” атты шығармашылық ән кеші

7+

+7 (7172) 75 23 83 +7 700 109 09 19

visit Astana astana филармония

№40 (4784) 08/04/2025 Сейсенбі

РУХТЫҢ ШАЛҚУЫ

Қарағанды қаласында көрнекті ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Серік Ақсұңқарұлының 75 жас мерейтойына арналған «Рухтың шалқуы» атты поэтикалық кеші өтті.



Кеш шымылдығын Қазақстан Республикасы Президентінің ішкі саясат мәселелері және коммуникациялар жөніндегі көмекшісі Арман Қырықбаев Мемлекет басшысы

Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау ізгі лебізімен ашты.

«Сіз жеткен бұл белеске берісі Арқа, әрісі күллі Алаш жұрты сүйсіне қарап тұр.

Өйткені Сіз қасиетті Алаш арыстарын дүниеге әкелген Ақтоғай топырағында туып, жастайыңыздан өлең-жырмен қанаттанып, Абай, Мағжан, Қасым, Ілияс, Мұқағалиларды үлгі тұтып, тұтас қазақ халқының тұғырлы азаматына айналдыңыз. Өзіңіз үнемі айтып жүретіндей, азаматтықты бәрінен биік қойып, қазақ өлеңіне ешкімге ұқсамайтын өзгеше өрнек салдыңыз. Жырларыңыздағы буырқанып жатқан алапат ұлттық рух сол асқақ қалпыңызда поэзияның шыңына алып шықты. Ел «Өнер ордасы» деп Алматыға қоныс аударып жатқанда, Сіз Қарағандыдан табан аудармай, осы жерде үлкен әдеби орта қалыптастырдыңыз. Адамзат баласына ұлттың атынан сөз айту үшін Алматыда тұрудың шарт еместігін дәлелдеген қайсар рухты айбынды ақынсыз» делінген құттықтау хатта.

Сондай-ақ Премьер-министр Олжас Бектеновтің, Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың, Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошановтың, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбектің құттықтаулары оқылды. Бас қала басшысының ізгі лебізін оның орынбасары Есет Байкен жеткізіп, «Серік Ақсұңқарұлы – қазақ поэзиясының көкжиегін кеңейткен өз заманының шыншыл шежірешісі» деді ол.

ӘРІПТЕСІМІЗ БӘЙГЕ АЛДЫ



Ақын-драматург, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Бақыт Беделханұлының 50 жасқа толуына арналған «Мен бәріңмен біргемін!» атты әдеби-шығармашылық кеші аясында өткен «Уақыт жүрегі» республикалық ашық жыр мүшәйрасында астаналық ақын, «Astana aqshamy» газетінің тілшісі Шапағат Әбдір жұлделі 2-орынды иеленді.

Өнердегі жолын айтыспен ашып, кейін жазба поэзияға ынтасымен берілген ол айтулы ақын Есенғали Раушановтан бата алды, көрнекті жазушы Төлен Әбдіктен отты өлеңдері үшін жылы лебіз естіді. Жоғарыдағы мүшәйраның қазылар алқасы – қабырғалы қаламгерлер: Ғалым Жайлыбай, Маралтай Райымбекұлы, Жарас Сәрсектің жоғары бағасын

алды. Өлеңдері жүрек қылын тербейтін нәзік те мағыналы философиялық ойлармен өріліп, ұлттық құндылықтар мен тарихи-тағылымдық ұстанымдармен ұштасып жататын ол сонау студент кезінде-ақ «Алдай көрме сен мені» атты жыр жинағымен оқырман назарын аударған болатын. Содан бері өлең сүйген, өнерді құрметтеген халықтың ықыла-

сынан түспей келе жатқан ол 2021 жылғы «Алтын тобылғы» әдеби сыйлығының лауреаты атанды. Журналистика саласында да Шапағат қазақтың салт-дәстүрлері мен мәдениеті туралы мақалалар жазып, ұлттық құндылықтарды насихаттауға үлес қосып жүр. Әріптесімізді жыр бәйгесіндегі жеңісімен құттықтап, шығармашылық табыс тілейміз!



ЧЕМПИОНДЫҚ БЕЛДІГІН СӘТТІ ҚОРҒАДЫ

Орта салмақта WBO және IBF нұсқасы бойынша әлем чемпионы, қазақстандық кәсіпқой боксшы Жәнібек Әлімханұлы (16-0, 11 KO) Астанада өткен «Battle of the brave» бокс кешінің басты жекпе-жегінде өнер көрсетті.

12 раундқа жоспарланған айқаста отандасымыз франциялық Анауэль Нгамиссингемен (14-0, 9 KO) жұдырықтасты. Алғашқы раундтың соңғы секундында қазақстандық боксшы қарсыласына тура соққы бағыттап, нокаунға түсірді. Осыдан кейін отандасымыз шаршы алаңда еркін қимылдап, өз мәнерінде бокстады. Жәнібек әр раунд сайын шабуылды үдетіп, қарсыласына дәл соққыларын дарытты. Бесінші раундта франциялық боксшы Жәнібектің ауыр соққысынан шалқалай құлады. Төреші есеп ашып, жекпе-жектегі мерзімінен бұрын аяқтатты. Осылайша, Жәнібек Әлімханұлы кәсіпқой мансабында 17-рет жеңіске жетіп, қос чемпиондық белдігін сәтті қорғады. Айқастан кейін Жәнібек барлық қазақстандыққа алғысын айтты.


ДӘСТҮРЛІ ЖАРЫС ӨТТІ

Елорданың Ботаникалық саябағында әуесқой спортшылардың арасындағы дәстүрлі Astana Run жарысының 2025 жылдағы алғашқы көктемгі жүгірісі ұйымдастырылды. Салауатты өмір салтын ұстанатын қала тұрғындары тек жүгіріс дистанциясын бағындырып қана қоймай, «Таза Қазақстан» акциясын қолдап, іс-шарадан кейін барлық қоқысты жинап кетті.



«2023 жылдан бастау алған Astana Run жүгірісі 4 кезеңнен тұрады, жылдың әр мезгілінде өтеді. Ал биылғы ерекшелігі – маркетинг әдісін қолданып, әр жүгіріске төрт түліктер пірінің атын беруді жөн көрдік» деді жарыс ұйымдастырушысы Төлепберген Сүйінтаев.

Ересектер 5 шақырым қашықтық бойынша 18-29, 30-39, 40-49, 50-59, 60 жастан жоғары санатта жеңімпаздарды анықтаса, 3-9 жас аралығындағы балалар 400 метр, 10-17 жастағы жасөспірімдер 1 шақырымға жүгірді. Нәтижесінде осы жарыс бойынша үнемі чемпиондық атақты бермейтін Әлімжан Балтабек осы жолы тек бірінші орын алып қана қоймай, жеке рекордын да жаңартты. Ол ерлер арасында 15:59-да мәреге жетіп бірінші орынды иеленсе, екінші орынды 16:23 секундта Әкім



Еркебай, ал үшінші орынды 16:45 уақытымен жеткен Мұрат Естай иеленді. Ал әйелдер бәсекесінде I орынды – Айгүл Аржаникова (19:116), II орынды – Кристина Окладникова (19:306), III орынды Оксана Брудер (20:29 минут) иеленді.

Жарыс соңында барлық қатысушыға

ыстық шай беріліп, лотерея арқылы түрлі сертификат ойнатылды. Жүгіруге енді ғана қадам басқандарға жеңілдікпен массаж және спорт киімдері ұсынылды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, келесі «Astana Run Ойсылқара» жазғы жүгірісі тамыз айында өтпек.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Талпырыс № 40

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Шапағат ӘБДІР